



Ақтөбе қ.

2016 жылғы 9-12 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

Ақтөбе қаласында республикалық техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарысы өткізіледі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша республикалық техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарысын Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырып өткізеді.

Техникалық шығармашылық білім алушылардың өзін-өзі және болашақ кәсіби мансабын анықтаудағы маңызды элемент болып табылады.

Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дәріптеу үшін жыл сайын байқау іс-шаралары: көрмелер, жарыстар, чемпионаттар өткізіледі.

2016 жылғы қыркүйекте Ақтөбе қаласында өтетін республикалық жарыстарға 14 облыс, Алматы және Астана қалалық және аймақтық жарыс жеңімпаздары қатысады.

Жарыстың мақсаты: балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

Жарыс ғылыми-техникалық шығармашық пен құрастырушылық ойлау қабілетін дамытуға; жас техниктерді ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметіне тартуға; әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына және өзара қарым-қатынасына жағдай жасауға, ғылым,

білім және жоғары технологиялар саласына жастардың қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді.

Балаларға әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру, сонымен қатар робот техникасының қолданыстағы модельдері жарыстарына қатысуға мүмкіндік беріледі. Жарыс аясында көрмелер мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

Республикалық деңгейдегі жарыстар техника саласындағы қабілеті мен бейімі бар балалардың мүмкіндіктерін бағалауға және кәсіптік бағдары мен ерте кездегі кәсіби білім алуына бағытталады.

Жарыс қорытындысы бойынша барлық қатысушылар сертификатпен, ал жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпараттар үшін мына телефон нөмірлеріне хабарласыңыздар: +7 (7172) 72-98-99, 8 (777) 526-36-08; e-mail: rumcdo_nton@mail.ru